**2006 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі)**

Қазақстан Республикасы Үкіментінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 Қаулысы ( үзінді)

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың:

55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің;

2. Осы қаулы 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 қаулысына 55-ҚОСЫМША

**202 - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған "Төтенше жағдайлардың алдын алу, жою және мемлекеттік материалдық резерв жүйесін басқару саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның **ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 4382661 мың теңге (төрт миллиард үш жүз сексен екі миллион алты жүз алпыс бір мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 20 қаңтардағы Заңының 13-бабы ; "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі Заңы ; "Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы Заңы ; "Авариялық құтқару қызметтері және құтқарушылардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 27 наурыздағы Заңы ; "Азаматтық қорғаныс туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7 мамырдағы Заңы ;

"Төтенше жағдайлар жөніндегі республикалық автоматтандырылған ақпараттық-басқару жүйесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 11 қазандағы N 1159 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің нысандық және арнайы киім-кешектерінің үлгілері мен тиесілілігі нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 15 қаңтардағы N 13 қаулысы ; "Төтенше жағдайлар саласында білімді насихаттау, халықты және мамандарды оқытып-үйрету, хабардар ету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 қаңтардағы N 50 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1112 қаулысы ; "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою саласындағы өзара әрекеттестік туралы келісім" ТМД Үкіметі Басшылары Кеңесінің 1993 жылғы 22 қаңтардағы Келісімі .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : төтенше жағдайлардың алдын алу, жою саласындағы жүктелген функцияларды тиімді орындаудың жетістіктері үшін уәкілетті органның қызметін ұйымдастыру және мемлекеттік материалдық резервті құру мен дамытуды қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою саласындағы арнайы орындаушылық және рұқсат беру функцияларын жүзеге асыру, мемлекеттік материалдық резервтер, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау, өнеркәсіпте, тау-кен қадағалау және Азаматтық қорғаныс іс-шараларын орындауды қадағалау, өрт сөндіруді ұйымдастыру; кәсіби қызмет саласында өздерінің лауазымдық міндеттерін тиімді орындау үшін қойылатын біліктілік талаптарын және кәсіби шеберлігін жетілдіруге сәйкес білім беру бағдарламалары бойынша теориялық және практикалық білім беру, шеберлігі мен дағдыларын жаңарту.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орын-дау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 001 | | Төтенше жағдай-лардың алдын алу, | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | жою және мемлекеттік материалдық резерв жүйесін басқару саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету | | | |
| 2 | | 001 | Орталық органның аппараты | Төтенше жағдайлардың алдын алу, жою саласында бірыңғай мемлекеттік саясат жүрізудің тиімділігін арттыру және мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру мен дамытуды қамтамасыз ету үшін орталық органның аппаратында 198 штаттық бірлікті ұстау. Ресей Федерациясы Төтенше жағдайлар министрлі-гінің Азаматтық қорғаныс академиясында оқитын тыңдаушылардың және олардың отбасы-ларының белгіленген орынға бару және кері қайту транспорттық шығындарын қамтамасыз ету. Өрт және өнеркәсіптік қауіпсіз-дік саласындағы нормативтік құжаттарды, оның ішінде: стандарттарды, ережелерді, нұсқауларды, басшылықтар мен ұсынымдарды әзірлеу жөнінде қызмет көрсетуді төлеу. | Жыл ішінде | Қазақ-стан Респуб-ликасы Төтенше жағдай-лар минис-трлігі, мемле-кеттік матери-алдық ре-зервтер коми-теті, Төтенше жағдай-лар сала-сындағы мемле-кеттік бақылау және қада-ғалау коми-теті |
| 3 | | 002 | Аумақтық органдардың аппараттары | Төтенше жағдайлардың алдын алу, жою саласындағы жүктелген міндеттерді тиімді орындау үшін аумақтық органдардың аппаратында 3812 штаттық бірлікті ұстау. Мемлекеттік органдардың дер кезінде мән беруі және жедел әзірлігі үшін | Жыл бойы | Қазақ-стан Респуб-ликасы Төтенше жағдай-лар минис-трлігі мен Төтенше жағдай- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | материалдық-техникалық базаны нығайту және дамыту, оның ішінде: кондиционерлер, бейнекамералар, цифрлы фотоаппараттар, теледидарлар, сейфтер, радиостансалар, байланыс пультін, ұтқыр іске қосу қондырғыларына арналған электр агрегатын, "Айком" радиостансия-сына ЗИП, тоңазытқыштар, жылуды есептеу аспабын, бейнемонтаж платасын, кепілді қуат беру блогын, дублексті сүзгілер, автоматты тюнерлер, кинопроектор, автоматты анықтамалық қондырғы, көшіру аппараттарын, бейнемагнитофондар, факсимильді аппараттар, ажыратылатын объективтер жиынтығын, цифрлау платасын сатып алу. Алматы облысының Төтенше жағдайлар департаментінің Талдықорған қаласына көшіруге байланысты әкімшілік ғимарат және пәтер сатып алу. | | лар сала-сындағы мемле-кеттік бақылау және қада-ғалау коми-тетінің аумақ-тық орган-дары |
| 4 | | 007 | Мемлекеттік қызметші-лердің білікті-лігін арттыру | "Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау" тақырыбы бойынша мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру жөніндегі қызмет көрсетулерді сатып алу. Мемлекеттік және ағылшын тілдерін оқыту. | Жыл бойы | Қазақ-стан Респуб-ликасы Төтенше жағдай-лар минис-трлігі |
| 5 | | 008 | Мемлекеттік органдардың ғимарат-тарын, үй-жай-лары мен құрылыс-тарын | Ғимараттар мен құрылыстарды күрделі жөндеу жөнінде жұмыстарды төлеу, оның ішінде: 1) Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаментінің | Жыл бойы | Қазақ-стан Респуб-ликасы Төтенше жағдай-лар минис- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | күрделі жөндеу | әкімшілік ғимаратын; 2) Атырау облысы Төтенше жағдайлар департаментінің әкімшілік ғимаратын; 3) Павлодар ауданы Рождественка селосындағы Павлодар облысы Төтенше жағдайлар департаменті-нің ұзақ сақтауға арналған материалдық-техникалық қоймасының үй-жайларын және сақтау орындарын; 4) Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің әкімшілік ғимаратын; 5) Қарағанды облысы Төтенше жағдайлар департаментінің әкімшілік ғиматарын; 6) Ақтөбе облысы Төтенше жағдайлар департаментінің әкімшілік ғимаратын; 7) Оңтүстік Қазақстан облысы Мемлекеттік бақылау және қадағалау басқармасын; 8) Жамбыл облысы Төтенше жағдайлар департаментінің әкімшілік ғимаратын; 9) Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің әкімшілік ғимаратын; 10) Талдықорған қаласының әкімшілік ғимаратын. | | трлігі мен төтенше жағдай-лар сала-сындағы мемле-кеттік бақылау және қада-ғалау коми-теті аумақ-тық орган-дары |
| 6 | | 009 | Мемлекеттік органдарды материал-дық-техни-калық жарақ-тандыру | Жедел әзірлікті арттыру және қабылданатын шешімдердің сапасын жақсарту үшін мемлекеттік органдардың материалдық-техникалық базасын нығайту және дамыту, оның ішінде: автобус, Нива автомобилін; ГАЗ 3110, ГАЗ 33023, УАЗ, Нива 21213, Тойота-Хайяс шағын автобусын, АШ-5 ГАЗ 3221 автомобилін; МИ 171 тікұшағын; кондиционерлер; жабдықтар, оның ішінде: шуыл генераторларын, | Жыл бойы | Қазақ-стан Респуб-ликасы Төтенше жағдай-лар минис-трлігі мен аумақ-тық орган-дары, мемле-кеттік матери-алдық ре- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | желілік сүзгілер; офис жиһаздарын, байланыс құралдарын; ұйымдастыру техникасын, оның ішінде: көшіру аппараттарын, факсимильді аппараттар, цифрлы шағын баспахана, қатты дискіге телефон сөйлесулерін жазу қондырғысын, оверхед-проекторын, сыртқы бейне бақылау камерасын, бейне бақылау жүйесін; электр жабдықтарын, оның ішінде: аккумулятор реаниматорын, аккумулятор батареясын, электр-генераторын; тағы басқа жабдықтарды (дозиметрлер-радиометрлер, гамма сәуле шығарудың сигнал беруші индикаторын, гидравликалық көтергіштер, жел беруге арналған сорғы) сатып алу. | | зервтер коми-теті, Төтенше жағдай-лар сала-сындағы мемле-кеттік бақылау және қада-ғалау коми-теті мен аумақ-тық орган-дары |
| 7 | | 017 | Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету | Шығыс материалдарын сатып алу. Интернет жүйесіне кіріп жұмыс істеу қызметтері. Есептеу техникасы құралдарына техникалық қызмет көрсету. Ақпараттық жүйелерді сүйемелдеу. Лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз ету бағдарламаларын орнату және сүйемелдеу. Әкімшілік ету. Есептеу техникасы мен лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз ету бағдарламаларын сатып алу. | Жыл бойы | Қазақ-стан Респуб-ликасы Төтенше жағдай-лар минис-трлігі мен аумақ-тық орган-дары, мемле-кеттік матери-алдық ре-зервтер коми-теті, Төтенше жағдай-лар |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | сала-сындағы мемле-кеттік бақылау және қада-ғалау коми-теті мен аумақ-тық орган-дары |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже:
а) өрт қауіпсіздігі саласында 5 нормативтік құжатты, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында 30 нормативтік құжатты (мемлекеттік стандарттар, ережелер мен ұсынымдар) бекіту; 80 мың шаруашылық жүргізу объектілеріне өрт-техникалық тексерістер жүргізу, салынып жатқан және қайта жаңғыртылған ғимараттардың 6 мың жобасын қарау, бұқаралық ақпарат құралдарында 850 сөйлеген сөздерді жариялау.
б) - 42 адамның кәсіби деңгейін арттыру, оның ішінде: 32 адам аумақтық органдардан;
- 110 адамды мемлекеттік тілге оқыту, оның ішінде: 74 адам аумақтық органдардан;
- 36 адамды ағылшын тіліне оқыту.
Түпкілікті нәтиже:
а) төтенше жағдайлар оқиғасын азайту және барынша азайту, оның ішінде: төтенше жағдайлардан күтілетін материалдық залалды 2-3%-ға азайту, зардап шеккендер мен қаза болғандардың санын 3-4%-ға азайту, құтқарылғандардың санын 5-6%-ға арттыру жөнінде іс-шаралар өткізу;
б) мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейін 30%-ға арттыру қажеттігін қамтамасыз ету, мемлекеттік қызметшілерді мемлекеттік тілге оқытуды 36%-ға және ағылшын тіліне оқытуды 12%-ға арттыру.
Қаржы-экономикалық нәтиже:
1) жылына бір маманды ұстауға - 1052,9 мың теңге;
2) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында 49 100 мың теңге сомаға, өрт қауіпсіздігі саласында 7650,0 мың теңге сомаға нормативтік құжаттарды әзірлеу;
3) бір мемлекеттік қызметшінің біліктілігін арттыруға жұмсалатын орташа шығын - 11 мың теңге;
4) бір мемлекеттік қызметшіге мемлекеттік тілді үйрету үшін жұмсалатын орташа шығын - 9 мың теңге;
5) бір мемлекеттік қызметшіге ағылшын тілін үйрету үшін жұмсалатын орташа шығын - 13 мың теңге жұмсалады.
Сапасы:

а) адами факторға, зардап шеккендер мен қаза болғандардың санына. сондай-ақ өндірістік объектілер мен жеке меншік секторлардағы өрттердің, табиғи апаттардың нәтижесінде келтірілген материалдық шығындарға байланысты төтенше жағдайлар санының өсуін 100% ұстау; б) қазіргі заманғы экономикалық жағдайларға сай мемлекеттік қызметтердің кәсіби талаптарына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейін; мемлекеттік тілді оқып-үйрену курсын бітіргеннен кейін мемлекеттік тіл бойынша іс жүргізуге көшкен мемлекеттік қызметшілердің үлесін 3%-ға, ағылшын тілін оқып-үйрену курсын бітіргеннен кейін ағылшын тілінде құжаттармен жұмыс істейтін мемлекеттік қызметшілердің үлесін 2%-ға арттыру.
Уақтылығы:
- дер кезінде мән беру, белгіленген регламент аясында төтенше жағдайлардың алдын алу, жою;
- жасалынған келісім-шарттарға сәйкес.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
56-ҚОСЫМША

**202 - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюды ұйымдастыру"
деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 14372999 мың теңге (он төрт миллиард үш жүз жетпіс екі миллион тоғыз жүз тоқсан тоғыз мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі Заңы ; "Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы Заңы ; "Авариялық-құтқару қызметі және құтқарушылардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 27 наурыздағы Заңы ; "Азаматтық қорғаныс туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7 мамырдағы Заңы ; "2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 22 қарашадағы Заңы ; "28237, 52859 және 68303 әскери бөлімдерін Қазақстан Республикасы Азаматтық қорғаныс штабына бағындыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 6 сәуірдегі N 264 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің

мемлекеттік мекемелерін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 15 наурыздағы N 400 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің Республикалық дағдарыс орталығын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 13 қаңтардағы N 40 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1112 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : төтенше жағдайлар қаупі төнген және туындаған кезде Қазақстан Республикасының халқын, шаруашылық объектілерін және аумағын қорғау, төтенше жағдайларға дер кезінде ден қою, төтенше жағдайлар туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу, ұдайы дайындықта тұратын авариялық-құтқару күштерін және төтенше жағдайларды жою құралдарын қалыпты және үздіксіз басқаруды қамтамасыз ету. Селдің, қар көшкінінің, сырғыманың (лай көшкінін), опырылудың алдын алу және олардың зардаптарын жою, сел және жер сілкінісі құбылыстарын болжау, селден қорғау құрылыстарының пайдаланылуын, сел жүру қаупі бар объектілерге және сел ағындарына мониторинг пен бақылауды, қауіпті табиғи құбылыстардың (сел ағынының, қар көшкінінің, сырғыманың, опырылудың, жер сілкінісінің) әсерінен Қазақстан Республикасы халқының, шаруашылық объектілері мен жерлерінің сенімді қорғалуын қамтамасыз ету, олардың зардаптарын жоюды ұйымдастыруға және жүргізуге қатысу. Республикалық жедел-құтқару жасағының, жедел-құтқару қызметтерінің, әскери бөлімдердің, өңірлік аэромобильді авариялық-құтқару жасақтарының, "Қазселденқорғау" мемлекеттік мекемесінің, өртке қарсы қызметтің мемлекеттік мекемелерінің табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде және оларды жою барысында қалыпты жұмыс істеуі үшін оларды қажетті жабдықпен, автокөлікпен, керек-жарақпен жарақтандыру. Құтқару бөлімшелерін төтенше жағдайлар аймақтарындағы авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге, трансшекаралас сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде өзара іс-қимылдарды ұйымдастыруға оқыту (үйрету), Өрт қауіпсіздігі, өрттердің алдын алу және оларды жою, шаруашылық ету объектілері мен тұрғын үйлердің өртке қарсы қорғалуын арттыру саласындағы жұмысты жетілдіру. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде халыққа жедел көмек көрсету. Төтенше жағдайлардан зардап шеккен халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуге арналған тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету және материалдық құралдар қорларын құру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : бейбіт уақыттағы төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимылдарға жоғары дайындықты, апат аймақтарына және берілген әскери тапсырмалар орындалатын аймақтарға авариялық-құтқару күштерінің жылдам ден қоюы әрі дер кезінде солай қарай жылжуын қамтамасыз ету, төтенше жағдайлардың зардаптарын жою бойынша іздестіру-құтқару жұмыстарын және басқа да шұғыл

жұмыстарды жедел жүргізу, жетуге қиын аймақтарда, аса күрделі объектілерде құтқару және іздестіру-құтқару жұмыстарын ұйымдастыру әрі жүргізу, дүлей апаттардың, авариялардың және апаттардың салдарынан зардап шегушілерге шұғыл көмек көрсету, радиомобильдік, радиотелефондық, транктік, спутниктік байланыс түрлері арқылы төтенше жағдайлар туралы ақпаратты дер кезінде және тұрақты қабылдау, алынған ақпаратты жедел өңдеу, авариялық-құтқару күштері мен төтенше жағдайлар басқарылатын пунктте жедел қызметкерлердің тәулік бойы кезекшілігін қамтамасыз ету, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік басқару органдарымен үздіксіз және тиімді байланысты қамтамасыз ету. Республикалық жедел-құтқару жасақтарының, өңірлік аэромобильді жедел-құтқару жасақтарының, жедел-құтқару қызметтерінің тиімді қызметін қамтамасыз ету, әскери бөлімдердің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету. Бақылау және хабар беру қызметтерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету, селден қорғау құрылыстарына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу, аэрошолу жұмыстары, мұздық көлдерді ағыту бойынша алдын алу жұмыстары, қар көшкіндерінің алдын алу мақсатында оларды түсіруге байланысты жару жұмыстары, жер сілкіністеріне байланысты қысқа мерзімді болжаулар жасау және сел жүру қаупі бар объекттер бассейндерінің гидрометеорологиялық сипаттамаларын анықтау бойынша ғылыми-болжау жұмыстары , бақылау және хабар беру бекеттерін ұстау. Күрделі климаттық және географиялық жағдайларда, аса күрделі объекттерде құтқару бөлімшелерінің практикалық оқу-жаттығуларын ұйымдастыру және өткізу, дүлей апаттардың, авариялардың және апаттардың салдарынан зардап шегушілерге шұғыл көмек көрсету жөнінде сабақтар ұйымдастыру және өткізу, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың зардаптарын жою кезінде авариялық-құтқару сайманын қалай қолдану керектігін үйрету. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде оларға дер кезінде ден қою үшін тікұшақтарды тиімді әрі ұтымды пайдалану. Авариялық-құтқару сайманымен, жабдықпен, керек-жарақпен және автомобиль техникасымен қамтамасыз ету, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың зардаптарын жою бойынша тиімді қызмет істеу үшін өртке қарсы қызметтің материалдық-техникалық базасын дамыту және нығайту.. Шатырлы лагерь құруға арналған материалдық құралдарды сатып алу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орын-дау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 002 | | Табиғи және техногендік | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | сипаттағы төтенше жағдайларды жоюды ұйымдастыру | | | |
| 2 | | 100 | Респуб-ликалық жедел құтқару жасағы | "Республикалық жедел-құтқару жасағы" мемлекеттік мекемесін ұстау (штат саны - 56 бірлік). Автокөлік сатып алу, оның ішінде: тіркемесі бар қарда жүретін "Тайга" көлігі, жол талғамайтын Нива-Марш автомобилі; сүңгуір жарақтары; радиобайланыс құралдары; төтенше жағдайларды жоюға уақытында ден қоюға арналған авариялық-құтқару саймандары мен жабдықтары. РЖҚЖ ММ базасын күрделі жөндеу. | Жыл ішін-де, I-III тоқсан | Респуб-ликалық жедел-құтқару отряды мемле-кеттік меке-месі |
| 3 | | 101 | Әскери бөлімдер | Әскери бөлімдерді ұстау (штат саны - 1202 бірлік, оның ішінде мерзімді қызметтегі 929 әскери қызметші). Ұдайы жауынгерлік дайындықты қамтамасыз ету үшін сатып алу, оның ішінде: кунгі бар ГАЗ, жүк Камазы 43118, автокран 25, Камаз 4208 автобусы, Камаз базасында ж/к 25 тонналық автокран, ж/к 4 тонналық жүк тиеуіш; радиобайланыс құралдары; компьютерлер; авариялық-құтқару құрал-жабдықтары; автокөлікке қызмет көрсетуге арналған жабдықтар; электр станциялар; ұйымдастыру техникасы; коммуналдық жылыту және тұрмыстық жабдықтар; медициналық жабдық; террорлық әрекеттердің зардаптарын жоюға арналған шатырлар. Төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккен халыққа шатырлы лагерь орнату үшін жедел | Жыл бойы | 28237, 68303, 52859 Әскери бөлім-дері мемле-кеттік |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | резерв сатып алу: автокөлік, оның ішінде: Нива, Камаз жүкті өзі түсіретін машинасы (самосвалы), Камаз негізінде жасалған отын құйғыш, тент тартылған бортты тіркеме, Камаз (6*6), Камаз негізінде жасалған изометриялық рефрижератор, Газ негізінде жасалған автоцистерна, "Тазасу" су тазарту қондырғысы орнатылған автомашина, Камаз негізінде жасалған өрт сөндіру машинасы, Камаз, Газ негізінде жасалған ассензиондық вакуумдық машина. Қарағанды қаласында N 52859 әскери бөлімнің үй-жайларын (үйлер мен ғимараттарын) күрделі жөндеу. | | меке-мелері |
| 4 | | 102 | Аэроұтқыр өңірлік жедел-құтқару жасақтары | Аэромобильді өңірлік жедел-құтқару жасақтарын (штат саны - 168 бірлік) ұстау: Орталық өңірлік жедел-құтқару жасағы (штат саны - 40 бірлік), Батыс өңірлік жедел-құтқару жасағы (штат саны - 32 бірлік), Шығыс өңірлік жедел-құтқару жасағы (штат саны - 32 бірлік), Оңтүстік өңірлік жедел-құтқару жасағы (штат саны - 32 бірлік). Тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету құралдары; ұйымдастыру техникасы; авариялық-құтқару құрал-жабдықтары; автокөлік, оның ішінде: Соболь негізінде жасалған кинологиялық қызмет автомобилі, УАЗ 3909, Нива-Марш, Газель, "Пегас" ауа жастықшасы бар кеме, Камаз базасында авариялық құтқару машинасы; сүңгуір жарағы; аспалы радиостанциялар; іздестіру-құтқару жұмыстарын жүргізуге | Жыл бойы | Орталық өңірлік жедел-құтқару отряды, Батыс өңірлік жедел-құтқару отряды, Шығыс өңірлік жедел-құтқару отряды, Сол-түстік өңірлік жедел-құтқару отряды, Оң-түстік өңірлік жедел-құтқару отряды мемле- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | арналған иісшіл ит. ОӨАЖҚЖ әкімшілік ғимаратын күрделі жөндеу. | | кеттік меке-мелері |
| 5 | | 103 | Республи-калық дағдарыс орталығы | "Республикалық дағдарыс орталығы" мемлекеттік мекемесін ұстау (штат саны - 25 бірлік). Ақпаратты уақытында және сапалы қабылдау және жедел өңдеу үшін спутниктік терминал; 100 нөмірге арналған шағын (мини) АТС; ғарыштық мониторинг жабдығы, оның ішінде: сервер жиынтығы, компьютерлер (деректер қоры машинасы), компьютерлер (графикалық станция), Note-books, қабырға экраны, ағынды принтер, үй-жайға арналған кондиционерлер, А3 сканері; пейджинг станциясы; ұйымдастыру техникасы, оның ішінде: жазық экранды LG теледидары, факсимильді аппарат, HP Laser Jet 4200 ppm/1200*1200 принтері, көшіру аппараты, компьютерлер (стандартты базалық жиынтығы), сервер, цифрлы фотокамера; құрылыс аспа сатылары; шаңсорғыш. | Жыл бойы | Респуб-ликалық дағ-дарыс орта-лығы мемле-кеттік меке-месі |
| 6 | | 104 | Қазсел-денқорғау | "Қазселденқорғау" ММ ұстау (штат саны - 540 бірлік). 1) Алматы, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарында он жеті гидротехникалық құрылысқа, гидрология-лық бекетке, диспетчер-лік пунктке, сейсми-калық полигонға және бөгенге ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу, бақылау және хабар беру бекеттерін ұстау, аэрошолу жұмыстары, | Жыл бойы | Қаз-селден-қорғау мем-лекет-тік меке-месі |

мұздық көлдерді ағыту бойынша алдын алу жұмыстары, жер сілкіністерінің қысқа мерзімді болжауларын жасау бойынша ғылыми-болжау жұмыстарын жүргізу, қар көшкіндерін сел тасқындары мен сырғымаларды (лай көшкіндерін) алдын ала түсіру бойынша жару жұмыстары.

2) сел жүру қаупі бар объектілерге мониторинг және бақылау жасау үшін геодезиялық, гидрометеорологиялық аспаптар (жауын-шашын өлшегіш, ағын жылдамдығын өлшегіш, психрометр) сатып алу; байланыс құралдары мен жабдықтары, оның ішінде: репитер, стационарлық УКВ байланыс радиостанциясы, аспалы УКВ байланыс радиостанциясы, ақпарат қабылдауға арналған телефон желісі жабдығы; құрылыс техникасы және автокөлік, экскаватор, бульдозер, дәнекерлеу агрегаты, Камаз 55111 (жүкті өзі түсіретін машина), автожөндеу шеберханасы, ТС500 дәнекерлеу аппараты, ВАЗ 21213 Нива, алынған ақпараттарды өңдеу үшін ұйымдастыру техникасы және жабдықтар, көшіру аппараты, компьютерлер, принтерлер, ноутбуктар, факсимильді аппараттар, бейнекамералар, фотокамералар, теледидар, Турая спутниктік телефоны, серверлер, түсті плоттер, офистік сканерлер, проектор;

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | сейсмикалық желіге арналған жабдық, оның ішінде: PMD DAD 6102 деректер жинақтау жүйесі, 3 компонентті PMD-223 сейсмометрі. Астана қаласына орын ауыстырған қызметкер-лерді пәтермен қамтамасыз ету. | | |
| 7 | | 105 | Төтенше жағдай-лардың алдын алуды және жоюды қамтамасыз ету үшін арнайы техникалық жабдық-тардың дайындығын ұйымдастыру | Авиациялық техникаға отын құюға және оған техникалық қызмет көрсетуге жанар-жағармай материалдарын сатып алу; жанар-жағармай сақтау үшін көрсетілген қызметтерді төлеу; авиациялық техниканы ұстау және оған техникалық қызмет көрсету, оны орналас-тыру; авиатехникаға әуежай және жер арқылы қызмет көрсету; 2 тікұшақты күрделі жөндеу бойынша кредиторлық берешекті өтеу. | Қаң-тар-қазан | Қазақ-стан Респуб-лика-сының төтенше жағ - дайлар минис-трлігі |
| 8 | | 106 | "Қазқұт-қару" бөлімшесі құтқару-шыларының жыл сайынғы республи-калық (халықа-ралық) жиын-семи-нарын өткізу | Жыл сайынғы құтқарушылардың "Қазқұтқару" жиын семинарын өткізуді қамтамасыз ету, оның ішінде: жөнінде іс-шараларды қамтамасыз ету, оның ішінде: кеңсе тауарларын, жанар-жағармай материалдарын, жиын семинарға қатысушылар-дың тамағын сатып алу, байланыс арналарын ( қосу, ажырату) орнату бойынша қызметтер, вымпелдар, дипломдар, грамоталар, бейдждер жасау, жүлделер сатып алу, жүлделер мен кубокторға жазу түсіру, фото және бейне материалдарды жасау. | Жыл бойы | Қазақ-стан Респуб-лика-сының төтенше жағ - дайлар минис-трлігі |
| 9 | | 107 | Өрт сөндіру қызметі | "Өрт сөндіру қызметі және авариялық-құтқару жұмыстары" мемлекеттік мекемесін ұстау (штат саны - 15200 бірлік). Ақпаратты өңдеуге және өртті жедел жоюға активтер сатып алу: компьютерлер - 20 бірлік; автокөлік 122 бірлік, оның ішінде: | Жыл бойы | Өрт сөндіру және жедел-құтқару қыз-меттері мемле-кеттік меке-месі |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Land Cruiser 100 VX автомобилі - 1 бірлік, Урал негізінде жасалған АЦ-5-40 автоцистернасы - 45 бірлік, ЗИЛ негізінде жасалған АЦ-2, 5-40 автоцистернасы - 50 бірлік, F-54-HLA телескопиялық көтергіш - 3 бірлік, Камаз негізінде жасалған АСА-20 аввариялық-құтқару автомобилі - 6 бірлік, Нива негізінде жасалған жедел жеңіл машинасы - 17 бірлік; жабдық - 2010 бірлік, оның ішінде: сығылған ауада жұмыс істейтін MSA AUER BD Compkt-S аппараты - 1000 бірлік, стационарлы ауа компрессоры - 10 бірлік, демалу аппаратына 6 литрлі композициялық баллон - 1000 бірлік, сынақ жабдығы: "Жануы қиын материалдар мен керамика құбырлар топтарын анықтау" қондырғысы, көбік жиілігін анықтау қондырғысы, "жалындауды" анықтау қондырғысы , (еден) қондырғысы, "шахта пеші" қондырғысы, " жалын анықтау" қондырғысы, "уыттылық" қондырғысы, "түтін" қондырғысы, "Жанбайтын материалдар топтарын анықтау" қондырғысы, " Бузенка" қондырғысы, "Маталар" қондырғысы. Бағдарламалық қамтамасыз ететін 1-С-Бухгалтерия және "Заң" деректер базасы лицензиялық бағдарламаларын (ақпараттандыруға арналған шығыстар шеңберінде) сатып алу. Алматы қаласы өрт сөндіру бөлімінің, Қазығұрт ауданының Қазығұрт селосындағы 13 өрт сөндіру бөлімінің, Шардара ауданының Шардара қаласындағы 15 өрт сөндіру бөлімінің, Бәйдібек ауданының Шаян селосындағы 10 өрт сөндіру бөлімінің, Сарыағаш ауданындағы 215 өрт сөндіру бөлімінің, Төле би | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ауданының Ленгер қаласындағы 5 өрт сөндіру бөлімінің ғимараттарына күрделі жөндеу жүргізу. Алматы қаласы өрт сөндіру бөлімнің; Солтүстік Қазақстан облысы филиалы бөлімшелерінің; Алматы облысындағы 6, 22, 9, 13, 27, 24, 31, 32, 33 өрт сөндіру бөлімдерінің; Қызылорда қаласындағы 11, 12 өрт сөндіру бөлімінің; Ақтөбе қаласындағы филиал бөлімшесінің жобалау-сметалық құжаттамаларын әзірлеу. | | |
| 10 | | 108 | Жедел құтқару қызметі | Жедел-құтқару жасақтарын ұстау (штат саны - 285 адам). Автокөлік сатып алу, оның ішінде: Газель (медициналық жабдығы бар жиынтығымен), Нива-Шевроле, Газель жедел машинасы, толық жетекті Газель 27057, арнайы радиобайланыс автомобилі; медициналық жабдық, авариялық-құтқару жабдығы; "Холматро" авариялық құтқару құралы судан құтқару жабдығы; қорғану құралдары; радиобайланыс құралдары, электр жабдықтары, ұйымдастыру техникасы (бейне және фотоаппаратура, компьютерлер), шатырлар, судан құтқару жұмыстары үшін 8 орынды резина қайық. Бағдарламалық қамтамасыз ететін 1-С-Бухгалтерия бағдарламасын (ақпараттандыруға арналған шығыстар шеңберінде) сатып алу. "Тараз қаласының жедел-құтқару қаласындағы жасағы" мемлекеттік мекемесінің | Жыл бойы | Қазақ-стан Респуб-ликасы Төтенше жағ-дайлар минис-трлі-гінің Ақтөбе қала-сындағы "Жедел-құтқару отряды" мемле-кеттік меке-месі, Екі-бастұз қала-сындағы Жедел-құтқару меке-месі, Қара-ғанды қала-сындағы "Жедел-құт- |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ғимаратына күрделі жөндеу жүргізу; "Орал қаласының жедел-құтқару жасағы" мемлекеттік мекемесінің ғимаратына күрделі жөндеу жүргізу. | | қару отряды" мемле-кеттік меке-месі, Қызыл-орда қала-сындағы "Жедел-құт-қару отряды" мемле-кеттік меке-месі, Пав-лодар қала-сындағы "Жедел-құт-қару отряды" мемле-кеттік меке-месі, Орал қала-сындағы "Жедел-құт-қару отряды" мемле-кеттік меке-месі, Шымкент қала-сындағы жедел-құт-қару отряды мемле-кеттік меке-месі. | |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже:
- 1000 адамға арналған шатырлы қалашықты құру (тасымалдау, мүліктерді жеткізіп беру, зардап шеккен халықты орналастыру);
- жыл сайынғы республикалық (халықаралық) "Қазқұтқару" жиын семинарын өткізу, саны 312 құтқарушының тамағын қамтамасыз ету;
Астана қаласына ауыстырылған 25 қызметкерді үймен қамтамасыз ету. Түпкілікті нәтиже:
төтенше жағдайларды азайту және төмендету бойынша іс-шараларды өткізу, оның ішінде: төтенше жағдайлардан ықтимал материалдық зиянды 2-3%-ға, зардап шеккендердің және қаза болғандардың санын 3-4%-ға, құтқарылғандардың санын 5-6%-ға арттыру.
Сапасы:
адами фактормен байланысты төтенше жағдайлар санының өсуін, қаза болғандар мен зардап шеккендердің санын, сондай-ақ өндірістік объекттерде, сол сияқты жеке секторларда өрт, дүлей зілзаланың нәтижесінде материалдық зияндардың көлемін 100%-ға азайту.
Қаржы-экономикалық нәтиже:
жылына бір маманды ұстау - 803,9 мың теңге;
семинарға қатысушы бір құтқарушыны 10 күннің ішінде орташа қамтамасыз ету - 24,0 мың теңге.
Уақтылығы:
Белгіленген регламент шегінде төтенше жағдайларға уақытында ден қою, алдын алу, жою.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
57-ҚОСЫМША

**202 - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Төтенше жағдайлардан қорғау объектілерін салу мен қайта жаңарту"
деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 1243420 мың теңге (бір миллиард екі жүз қырық үш миллион төрт жүз жиырма мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б

*қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы Заңы ; "2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан республикасының 2005 жылғы 22 қарашадағы Заңы ; "Төтенше жағдайлардың алдын алудың және оларды жоюдың мемлекеттік жүйесін дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1383 қаулысы .

*Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан Республикасының аумағын табиғи және техногендік сипаттағы қауіп-қатерлерден қорғау, сондай-ақ төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласында мамандар даярлаудың білім беру деңгейін арттыру.

*Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Қазақстан Республикасының аумағын болуы ықтимал төтенше жағдайлардан; төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласында біліктілігі жоғары мамандар даярлау қорғауды қамтамасыз ету жағдайын жасау.

*Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ- дар- лама коды | Кіші бағ- дар- лама коды | Кіші бағдарла- малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер- зімі | Жауапты орын- дау- шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 003 | | Төтенше жағдай- лардан қорғау объекті- лерін салу мен қайта жаңарту | Инвестициялық жобаларды мына іс-шаралар бойынша, заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес іске асыру: 1) заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес Астана қаласын | Жыл бойы | Қазсел- денкор- ғау мемле- кеттік |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Есіл өзенінің су тасқынынан қорғау құрылыс кешенін салу (2004 ж. 31 тамыздағы N 7-386/2004 сараптау қорытындысы); 2) Астана қаласында 6 автомобильге арналған өрт сөндіру депосын салу (2003 жылғы 12 қыркүйектегі N 17-318/23 сараптау қорытындысы); 3) ҚР ТЖМ Көкшетау техникалық институтының оқу кешенін салу" жобасы бойынша жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу ( 28.07.2005 жылғы N 2-484/05 мемлекеттік сараптама қорытындысы) | | меке-месі |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже:
- Астана қаласын Есіл өзенінің су тасқынынан қорғауға арналған объектілер кешенін салу (орындалған жұмыстардың жалпы көлемінің 9,14%-ы);
- Астана қаласында 2006 жылы 6 автомобильге арналған өрт сөндіру депосын салу ( орындалған жұмыстардың жалпы көлемінің 49,9%-ы);
- 2900 бірлікке арналған "ҚР ТЖМ Көкшетау техникалық институтының оқу кешенін салу" жобасы бойынша жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу.

Түпкілікті нәтиже: Аумақтарды табиғи және техногендік сипаттағы қауіп-қатерлерден қорғауға арналған объектілерді, сондай-ақ оқу процесін өткізу жөніндегі тиісті жағдайларды қамтамасыз ету үшін ҚР ТЖМ Көкшетау техникалық институтының оқу кешенін пайдалануға беру.

Уақтылығы: жұмыс өндірісінің кестесіне және жасалған келісім-шартқа сай.

Сапасы: құрылыс нормалары мен ережелеріне сай.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1236 қаулысына

58-ҚОСЫМША

**202 - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2006 жылға арналған**

**"Өрт қауіпсіздігі саласында сынақтарды талдау және жүргізу"**

деген 004 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ

**1. Құны** : 9904 мың теңге (тоғыз миллион тоғыз жүз төрт мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы Заңы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : өрт қауіпсіздігі саласындағы ғылыми-техникалық және нормативтік-құқықтық базаны дамыту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Қазақстан Республикасының заңнамасына, өрт қауіпсіздігі жөніндегі нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес мемлекеттік стандарттарды, сондай-ақ өрт сөндірумен күрес тәжірибесінің негізінде, заттар, материалдар, технологиялық рәсімдер, бұйымдар, құрастырмалар, үйлер мен ғимараттар өрт қауіпсіздігінің бағаларын әзірлеу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 004 | | Өрт қауіпсіздігі саласында сынақтарды талдау және жүргізу | Өрт қауіпсіздігі саласында сынақтар мен зерттеулерді жүргізу жөнінде қызметтер көрсетуді сатып алу: - жобалауға нормативтік құжаттарды, өрт сөндіру автоматикасы мен жабдықтардың техникалық құралдарын монтаждау және пайдалану, сондай-ақ өрт қауіпсіздігі саласындағы қолданыстағы халықаралық стандарттармен үйлесуін ескере отырып, оларды сынаудың әдістерін айқындау; - өрт қауіпсіздігі саласында қолданыстағы халықаралық стандарттарға сәйкес нормативтік-құқықтық құжаттарды | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөнінде |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | әзірлеу жөнінде: 1. "Болат құрастыр-малар үшін өрттен қорғану құрамдары. Жалпы талаптар"; 2. "Өрттен қорғану тиімділігін айқындау әдістері"; 3. "Ағаштан және соның негізінде жасалған материалдар үшін өрттен қорғау құрамдары және заттар. Жалпы талаптар. Сынау әдістері. Жіктеме"; 4. "Резервуарларда-ғы мұнай және мұнай өнімдерінің аралық қабаттарын сөндіру үшін көбіктендіргіш-тер. Жалпы техника-лық жағдайлар"; 5. "Өрт сөндіру техникасы. Көбікті өрт сөндіру қондыр-ғылары. Резервуарлар -дың аралық қабат-тарын сөндіру үшін төмен шамадағы көбік генераторлары. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері"; 6. "Өрт сөндіруші-лердің арнайы қорға-ныш аяқ киімі. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері"; 7. "Өрт сөндіру тех-никасы. Өрт сөндіру-шілердің қолды қор-ғауға арналған жеке құралдары. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері"; 8. "Өрт сөндіру техникасы. Өрт сөн-дірушілердің тыныс алу органдарын қорғайтын жеке құралдар. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері". | | минис-трлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** тікелей нәтиже: 5 сынақ пен зерттеулер жүргізу және өрттерді анықтау және сөндірудің, құтқару құрылғылары мен жеке қорғану құралдарының автоматтық жүйелері сынақтарының жалпы техникалық талаптары мен әдістерін реттейтін 8 нормативтік құжаттарын әзірлеу.

Түпкілікті нәтиже: өрт қауіпсіздігі саласында нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру және дамыту.

Қаржы-экономикалық тиімділігі:

мемлекеттік стандарттағы бір нормативтік-техникалық құжаттың сараптамасы - 24 мың теңге;

бір нормативтік-техникалық құжатты мемлекеттік тілге аударудың рецензиясы - 33,5 мың теңге;

бір стандартты әзірлеу кезінде сынақтар мен зерттеулердің орташа құны - 1238,0 мың теңге.

Сапасы: республикада шығарылатын және Қазақстан рыногына әкелінетін сынақ үлгілерінің, бұйымдардың және өнімдердің өрт қауіпсіздігі көрсеткіштерін анықтау бойынша қойылған міндеттерді 100% іске асыру.

Уақытылығы: сынақтар мен зерттеулердің нәтижелерін белгіленген мерзімде беру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
59-ҚОСЫМША

**202 - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Жоғары кәсіптік білімді мамандар даярлау"
деген 006 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 227650 мың теңге (екі жүз жиырма жеті миллион алты жүз елу мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** "Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы Заңы ; "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңы ; "2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 22 қарашадағы Заңы ; "Көкшетау техникалық институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 15 ақпандағы N 243 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1112 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : өрт қауіпсіздігі саласында мекемелерге жоғары білікті мамандар даярлау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : 051001 "Өрт қауіпсіздігі" мамандығы бойынша жоғары кәсіби білімі бар инженерлер санын барынша көбейту.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орын-дау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 006 | | Жоғары кәсіптік білімді мамандар даярлау | Штаттық саны 120 бірліктен тұратын Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің "Көкшетау техникалық институты" мемлекеттік мекемесін ұстау. Активтерді сатып алу: асханаға арналған жабдықтар мен мүкаммал (инвентарь); оқу-зертханалық жабдықтар; оқу-білім беру қызметін өткізуге арналған оқу әдебиеті, оқу, әдістемелік және ғылыми-зерттеу қызметін қоса алғандарды білім беру қызметін жүзеге асыру. Тыңдаушыларды азық-түлікпен, киім-кешекпен және стипендиямен қамтамасыз ету, ғимараттарды, үй-жайларды, жабдықтарды және басқа да негізгі құралдарды ағымдағы жөндеу. Көкшетау техникалық институты жатақханасының ғимаратын мемлекеттік сараптамадан өткен сметалық құжаттамаға сәйкес күрделі жөндеу жүргізу. | Жыл бойы | Қазақ-стан Респуб-ликасы Төтенше жағ-дайлар жөнін-дегі минис-трлі-гінің Көкше-тау инсти-туты |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: тыңдаушыларды оқытудың жылдық орташа саны - 471 бірлік, "Өрт қауіпсіздігі" мамандығы бойынша жоғары білімі бар мамандар шығару - 190 бірлік. Түпкілікті нәтиже: өрт қауіпсіздігі саласындағы жұмыс орындарын жоғары білікті мамандармен толтыруды барынша ұлғайту.
Қаржы-экономикалық нәтиже: бір студентті оқытудың орташа құны жылына 483,4 мың теңге.
Сапасы: мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес 051001 "Өрт қауіпсіздігі" (академиялық дәреже - бакалавриат) мамандығы бойынша мамандар шығару.
Уақтылығы: өрт қауіпсіздігі саласындағы жұмыс орындарын жоғары білікті мамандармен уақытында толтыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
60-ҚОСЫМША

**202 - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Мемлекеттік органдар мен мекемелер мамандарын төтенше жағдай ахуалында іс-әрекет жасауға даярлау" деген 007 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 10514 мың теңге (он миллион бес жүз он төрт мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі Заңы ; "2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 22 қарашадағы Заңы ; "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1112 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы басшы құрам мен мамандардың кәсіби деңгейін көтеру; азаматтық қорғаныс әскерлері үшін білікті офицерлер кадрларын және төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою бірыңғай мемлекеттік жүйесі үшін жоғары білікті мамандар дайындау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою бірыңғай мемлекеттік жүйесі үшін азаматтық қорғаныс әскерлері мен біліктілігі

жоғары мамандар үшін офицерлер кадрларының біліктілігін арттыру, басшы құрамды, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, еліміздің азаматтық қорғанысы саласындағы қызметті жүзеге асыратын орталық және жергілікті атқарушы органдардың, өзге ұйымдардың мамандарын даярлау және қайта даярлау, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің аумақтық органдарына, республиканың басқа да ұйымдарына әдістемелік жағынан көмек көрсету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орын-дау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 007 | | Мемлекеттік органдар мен мекемелер мамандарын төтенше жағдай ахуалында іс-әрекет жасауға даярлау | Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласында кадрлар даярлау жөнінде қызмет көрсетулерді (жұмыстарды) сатып алу және ұстау. | Жыл бойы | Қазақ-стан Респуб-ликасы Төтенше жағ-дайлар жөнін-дегі минис-трлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: 47 санат бойынша оқу бағдарламасында төтенше жағдайлар мен азаматтық қорғаныс бойынша 62 тақырып көзделген, оқу курстары бір аптадан (42 оқу сағатынан) тұрады. Түпкілікті нәтиже: төтенше жағдайлар мен азаматтық қорғаныс саласында 1500 мемлекеттік қызметшінің білімі мен дағдысының деңгейін арттыру. Қаржы-экономикалық нәтиже: топты бір жыл бойы оқытудың орташа құны - 8756 теңге, оқытудың бір сағатының құны - 199 теңге. Сапасы: мемлекеттік қызметшілердің орындаған жұмыстарының тиімділігі мен сапасын 100%-ға арттыру.
Уақтылығы: кадрларды даярлау және қайта даярлау бекітілген кестеге сай.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
61-ҚОСЫМША

**202 - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және сақтау"

деген 008 республикалық бюджеттік бағдарламаның **ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 4824501 мың теңге (төрт миллиард сегіз жүз жиырма төрт миллион бес жүз бір мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Мемлекеттік материалдық резерв туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңы ; "2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 22 қарашадағы Заңы ; "Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтармен операция жасау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 21 ақпандағы N 237 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1112 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сақтауды әрі олардың жұмсалмауын қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : мемлекеттік материалдық резерв материалдық құндылықтар қорын қалыптастыру; сақтау режимінің талаптарын орындай отырып, мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сапасы жағынан да, саны жағынан да сақталуын және жұмсалмауын қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орын-дау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 008 | | Мемлекеттік материалдық резервті қалыптас-тыру және сақтау | | | |
| 2 | | 100 | Мемлекеттік материалдық резервті қалып-тастыру | Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын жаңарту; мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтар қорларын сақтау нормаларына дейін жеткізу; | Жыл бойы | Қазақ-стан Респуб-ликасы Төтенше жағ-дайлар жөнін- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | төтенше жағдайларды жоюға арналған тауарлар мен материалдар номенклатурасын қалыптастыру үшін материалдық құндылықтар сатып алу, жұмылдыру резервін материалдық құндылықтарын сатып алу. Жер сілкінісінің салдарын жою мақсатында Иран Ислам Республикасы үшін 2003 жылы жүргізілген мемлекеттік және жұмылдыру резервтерінен материалдық құндылықтарды шығаруға жұмсалған шығындарды өтеу. | | дегі минис-трлігі-нің Мемле-кеттік мате-риалдық резерв-тер коми-теті |
| 3 | | 101 | Мемлекеттік материалдық резервті қалып-тастыру | Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын ведомстволық бағынысты ұйымдар мен сақтау пункттерінде сақтауды жүзеге асыру, сондай-ақ мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының сақталуын қамтамасыз ету үшін оларды бүтіндеуді, ауыстыруды, бағалауды, сертификат-тауды және сақтауды жүзеге асыру. Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын жұмылдыруға байланысты міндеттері бар ұйымдарда сақтау мен ұстауды жүзеге асыру. Өткен жылдардағы кредиторлық берешегін өтеу. | Жыл бойы | Қазақ-стан Респуб-ликасы Төтенше жағ-дайлар жөнін-дегі минис-трлігі-нің Мемле-кеттік мате-риалдық резерв-тер коми-теті |
| 4 | | 103 | Сақтау пункттерін күрделі жөндеу | Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтар қорларын сақтауды жүзеге асыратын ведомстволық бағынысты ұйымдардың өндірістік қуаттарын күрделі жөндеуден өткізу | Жыл бойы | Қазақ-стан Респуб-ликасы Төтенше жағ-дайлар жөнін-дегі минис-трлігі-нің Мемле-кеттік мате-риалдық резерв- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | тер коми-теті |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : құпия.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
62-ҚОСЫМША

**202 - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Төтенше жағдайлар саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер" деген 009 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 90096 мың теңге (тоқсан миллион тоқсан алты мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының аумағындағы төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі шаралар туралы" 2004 жылғы 19 наурыздағы N 451 өкімі ; "Қазақстан Республикасының Ғылым туралы" 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңы ; " 2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 22 қарашадағы Заңы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : халықтың және табиғи-шаруашылық жүргізуші объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : - Алматы қаласының аумағы үшін сейсмикалық мониторингтің жаңа бірегей ұңғымалық жүйесін әзірлеу және енгізу; - төтенше жағдайлар саласындағы жаңа геофизикалық материалдар алу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орын-дау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 009 | | Төтенше жағдайлар саласындағы | "Алматы қаласының сейсмикалық қауіптілігінің тереңдік ұңғымалық сейсмикалық мониторингі саласын | Жыл бойы | Қазақ-стан Респуб-ликасы Төтенше |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | қолданбалы ғылыми зерттеулер | зерттеу" тақырыбы бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу үшін қызмет көрсетулерді сатып алу. Мемлекеттік ғылыми зерттеу сараптамасын жүргізу бойынша қызмет көрсетуді төлеу. | | жағ-дайлар жөнін-дегі минис-трлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже:
- өңірдің сейсмикалығын және оның тереңдік құрылысын зерттеу (шағын сейсмикалықты, қалалық жарылым аймақтарын зерттеу);
- тереңдікте бақылаудың жаңа әдістерін әзірлеу;
- мониторингтің тереңдік және жер беттілік жүйесі үшін бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу;
- деректерді өңдеудің компьютерлік бағдарламаларын әзірлеу;
- тереңдік мониторинг жөнінде деректер базасын құру;
- Алматы қаласын шағын сейсмикалық аудандарға бөлу үшін деректерді өңдеу;
- сейсмикалық тереңдік мониторинг деректерін республикалық жер сілкіністерін болжау желісіне бейімдеу және енгізу.

Түпкілікті нәтиже: Алматы қаласын шағын сейсмикалық аудандарға бөлу міндеттерін шешу үшін жаңа бірегей геофизикалық материалдар арқылы ескерту қызметтеріне мәліметтер беру.

Қаржы-экономикалық нәтиже: Алматы қаласының сейсмикалық қауіптілігінің тереңдік ұңғымалық сейсмикалық мониторингі саласында ғылыми зерттеу жүргізу жөніндегі шығындар - 90096,0 мың теңге.

Уақтылығы: жасалған келісім-шарттарға сәйкес жыл ішінде.

Сапасы: төтенше жағдайлар саласында жаңа бірегей геофизикалық материалдар алу арқылы Алматы қаласының халқы мен табиғи-шаруашылық жүргізу объектілерінің 100% қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК